

Білім берудегі интерактивті технология



Білім берудегі интерактивті технология - мұндағы **интерактивті** сөзі - **inter** (бірлесу), **act** (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Интерактивтік тақтаны – технология жасауға мүмкіндік беретін амалдары:

- ❖ Мұнда арнайы видеокамера қолданылады.
- ❖ Мәтінді және объектілерді сақтап, олармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Арнайы құрал арқылы жазба мәтінді баспа түріндегі жазбаға айналдырады.
- ❖ Elluminate Live бағдарламасы арқылы интернет желісінде оңай және тез конференция, семинар, ашық сабақ, курстар өткізуге болады. Арнайы мүмкіндіктер арқылы сұхбат алу мүмкіндігі де бар.
- ❖ Activote құралының көмегімен мұғалім экранда тест жүргізіп, оның жауабының нәтижесін талқылай алады.

Интерактивті жабдықтардың көмегімен материалдардың ұсынудың формалары:


1. баяндамашы дайындаған презентация



2. оқу материалдарын экранның бетінде жазба түрінде көрсету



3. интерактивті тақтадағы барлық жазбаларды сақтап магнитті тасымалдауыштар арқылы тарату немесе электронды поштамен жіберу және баспадан шығару



Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды
2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады
4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады
5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабақтың өнімділігі артады.
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді

Интерактивті тақта – дегеніміз не?

Интерактивті тақта (ИТ) – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.





Дүниежүзіндегі интерактивті технологиялар

Дүниежүзі бойынша интерактивті құрал-жабдықтарды шығаратын алдыңғы қатарлы компаниялар:

1. Promethean (Ұлыбритания, ИД Activboard),
2. Interwrite Learning (АҚШ, ИД Interwrite™ Board),
3. SMART Technologies Inc. (Канада, SMART Board),
4. Hitachi (Жапония, ИД Hitachi Starboard),
5. Polyvision (Корея, ИД PolyVision),
6. Panasonic (Жапония, Panasonic Panaboard и др.)

Interwrite Board интерактивті тақтасы

(ертеректе GTCO Interwrite SchoolBoard) GTCO CalcComp Inc. (АҚШ) негізіндегі технология «электромагнетик», жоғарғы мүмкіндіктерге қол жеткізетін, ең жоғарғы жылдамдықтағы және қолжазба мәтінін нақтылайтын, сонымен бірге ұзақ жылдар бойы қолдануға болады. Бұл тақтада дәстүрлі сызу құралдары қолдануға болады (сызғыш, транспортир, бұрыштама және т.б.) геометрия, алгебра, сызу, физика және т.б. кеңінен қолданылады. АҚШ (7125 Riverwood Drive Columbia, MD 21046, USA) заводында жасалынған тақтаның беті бүлінбейді, соған байланысты бұл тақта білім мекемелерінде үлкен сұраныста





Hitachi экраны және интерактивті тақта

24 функционалды батырмалары бар, 72 виртуальды түстермен сурет салуға болады, жаңа [StarBoard FX Duo](#) софт ның негізінде Интернет арқылы 50 басқа StarBoard FX бір мезетте қашықтықтан конференция өткізу үшін байланысқа шыға алады.



SMART Technologies Inc технологиясы

SMART Board интерактивті тақтасында екі әр түрлі технологиялар қолданылады: **Технология резистивті матрица** Резистивті матрица – бұл жұқа сілтеуішті екі қабаттан тұратын тор, әуедегі саңылаумен бөлінген. **Технология DViT (Digital Vision Touch)** – меңзер координатын қолданатын (маркер немесе саусақ) тақтаның бұрыштарында сандық бейне камералар орналасқан. Бұл технологияны қолданғанда меңзердің жылдамдығы артады да, функциональдық мүмкіндіктері артады.



Panaboard KX-VP800 интерактивті тақтасы

Электронды Panaboard KX-VP800 интерактивті тақтасының жиналыстар, семинарлар, тақтамен телеконференциялар, презентациялар мен сұхбаттасу жүргізуге мүмкіндігі мол тақта. Мұнда тақтаның көшірмесін алуға болады, проектор түсіретін экран, интерактивті монитор және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар.


Оны компьютерге және проекторға қосқанда, Panaboard KX-VP800 тақтасы интерактивті мониторға айналады, электронды маркердің көмегімен компьютердің қосымшаларын басқаруға болады.



Webster тақтасы

Электронды интерактивті Webster тақтасының сериясы TS (TS-400/ TS-600 / TS-800) **Polyvision** компаниясынан – кәсіптік презентациясын өткізуге арналған құрал. Комплектіге «Webster тақтасы, дербес компьютер, мультимедиа проектор» жатады.

«**Маркер Тақта**» Маркер 4 түсті (қызыл, қара, жасыл, көк) және өшіргіштің көмегімен қарапайым тақта тәрізді кез келген жазбамен суреттерді салуға, құруға және редакторлеуге болады. «**Электронды тақта**» маркермен немесе саусақпен басқара отырып қажетті операцияларды атқарғанда компьютерлік тышқанның қызметін атқарады..



ACTIVboard (Promethean компаниясы) - **ACTIVstudio** программасы арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады.